

**Салтанат Меркібайқызы Иманқұлова^{1*}, Айнұр Аралбекқызы Қаршығаева²,
Назыкен Жаненқызы Егізбаева³**

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-6931-2510 E-mail: isalta_69@mail.ru

² филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-8721-5308 E-mail: kar_ainur@mail.ru

³ филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-8458-1898 E-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙГЕ АРНАЛҒАН ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа. Мақалада мемлекеттік тілді меңгерту стандарттары негізінде ЖОО-дағы қазақ тілін оқытудың қарапайым деңгейіне қажетті негізгі лексикалық бірліктерді анықтау мәселесі қарастырылады. Ол үшін ЖОО-дағы А1 деңгейіне арналған оқу құралдары таңдалып, 800 лексикалық бірліктің қолданылу жиілігі есепке алынады. Шетел тілі ретіндегі қазақ тілінің лексикалық минимумы студенттердің бастауыш деңгейде меңгеруі тиіс құзыреттіліктерге сәйкестігі тұрғысынан талданып, теориялық, практикалық негіздері тілдік стандартқа сай жетілдіріледі. Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай ЖОО-ның қазақ тілі қарапайым деңгейіне (А1) арналған оқу құралдарындағы лексикалық минимумға талдау және сараптама жасау арқылы қазақ тілін меңгерудің қарапайым деңгейіне қажетті негізгі лексикалық бірліктер анықталады. ЖОО-ға арналған оқу құралдарындағы лексикалық минимум мәселесін қарастыру қолға алынбаған. Мақала осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталып, тіл үйренушілерге нақты тілдік материал ұсынуға көмектеседі. Зерттеу барысында мәліметтерді жинау, лексикалық талдау, жиілік талдау, салыстыру әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижелері мен негізгі ұсыныстар оқу материалдарына енгізілуі тиіс ең негізгі және жиі қолданылатын лексикалық минимумды анықтауға мүмкіндік береді, студенттердің қажетті коммуникативті дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуге бағыт-бағдар болады.

Тірек сөздер: қазақ тілін меңгеру; лексикалық минимум; қарапайым деңгей; жоғары оқу орны; жиілік сөздік; оқу құралдары

Қаржыландыру көзі: Мақала BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Иманқұлова С.М., Қаршығаева А.А., Егізбаева Н.Ж. Қарапайым деңгейге арналған лексикалық минимумды анықтау мәселелері. *Tiltany*, 2025. №3 (99). 105-121-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-105-121>

**Салтанат Меркибаевна Иманкулова^{1*}, Айнұр Аралбековна Каршигаева²,
Назыкен Жаненовна Егизбаева³**

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, Казахский
национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-6931-2510 E-mail: isalta_69@mail.ru

² кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-8721-5308 E-mail: kar_ainur@mail.ru

³ кандидат филологических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-8458-1898 E-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com

ПРОБЛЕМЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ЛЕКСИЧЕСКОГО МИНИМУМА ДЛЯ ЭЛЕМЕНТАРНОГО УРОВНЯ

Аннотация. В статье рассматривается вопрос определения основных лексических единиц, необходимых для уровня А1 преподавания казахского языка в вузах, на основе стандартов овладения государственным языком. С этой целью были отобраны учебные пособия, предназначенные для уровня А1 в высших учебных заведениях, и проанализирована частотность употребления 800 лексических единиц. Лексический минимум казахского языка как иностранного сопоставляется с коммуникативными компетенциями, которыми должен овладеть студент на начальном уровне, а его теоретические и практические основы систематизируются в соответствии с языковыми

стандартами. Целью исследования является анализ и экспертиза лексического минимума в учебных пособиях по казахскому языку для уровня А1 в вузах, с последующим определением основных лексических единиц, необходимых для овладения казахским языком на данном уровне. В настоящее время вопрос о систематизации лексического минимума в учебных пособиях для вузов остается недостаточно изученным. Настоящая статья направлена на восполнение данного пробела и способствует предоставлению обучающимся конкретного и эффективного языкового материала. В ходе исследования использовались методы сбора данных, лексического и частотного анализа, а также сравнительного анализа. Полученные результаты позволяют определить наиболее употребительные и значимые лексические единицы, которые следует включить в учебные материалы, и тем самым способствуют формированию необходимых коммуникативных навыков у студентов. Кроме того, выводы исследования могут служить ориентиром при разработке качественных учебников и учебных пособий.

Ключевые слова: освоение казахского языка; лексический минимум; элементарный уровень; высшее учебное заведение; частотный словарь; учебные пособия

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования BR21882227 «Лингвистические средства и разработки модернизации языкового сознания в контексте Нового Казахстана».

Для цитирования: Иманкулова С.М., Каршигаева А.А., Егизбаева Н.Ж. Проблемы определения лексического минимума для элементарного уровня. *Tiltany*, 2025. №3 (99). С. 105-121. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-105-121>

Saltanat Imankulova^{1*}, Ainur Karshigayeva², Nazyken Yegizbayeva³

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-6931-2510 E-mail: isalta_69@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-8721-5308 E-mail: kar_ainur@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-8458-1898 E-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com

ISSUES OF DETERMINING A LEXICAL MINIMUM FOR THE ELEMENTARY LEVEL

Abstract. This article investigates the identification of essential lexical units necessary for elementary-level instruction in the Kazakh language at the university level, in accordance with state language proficiency standards. To achieve this objective, textbooks designed for A1-level instruction at universities are analyzed, with particular attention given to the frequency of 800 lexical units. The study further evaluates the lexical minimum required for Kazakh as a foreign language to ensure its alignment with the competencies that students are expected to acquire at the initial stage of language learning. Additionally, both theoretical and practical foundations are refined to align with established language standards. The primary aim of this research is to determine the fundamental lexical units essential for elementary-level proficiency in the Kazakh language through a systematic analysis of educational materials used at the A1 level in university settings. The study addresses the issue of defining a lexical minimum in university textbooks, assessing the frequency and thematic distribution of 800 lexical units critical for developing proficiency at the elementary level. Moreover, the research identifies the challenges students encounter in acquiring specific vocabulary, proposes effective solutions, and recommends updates to the lexical minimum. The research methodology incorporates data collection, lexical analysis, frequency analysis, and thematic analysis. The practical significance of this study lies in its capacity to identify the most fundamental and frequently used lexical units, ensuring their inclusion in educational materials. This, in turn, facilitates the development of students' communicative competencies and serves as a foundational resource for the creation of high-quality textbooks and instructional materials. The issue of the lexical minimum in university textbooks has not been addressed until now. This article aims to fill this gap and helps provide learners with specific language material. During the research, methods such as data collection, lexical analysis, frequency analysis, and comparative analysis were used. The research results and main recommendations will make it possible to identify the most essential and frequently used lexical minimum that should be included in educational materials, as well as help develop the necessary communicative skills in students. This will serve as a guideline for the development of high-quality textbooks and teaching aids.

Keywords: acquisition of the Kazakh language; lexical minimum; elementary level; higher education institution; frequency dictionary; educational manuals

Source of funding: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the BR21882227 “Linguistic tools and developments of reconstructing the linguistic conscious in the context of the new Kazakhstan”.

For citation: Imankulova, S., Karshigayeva, A., Yegizbayeva, N. Issues of Determining a Lexical Minimum for the Elementary Level. *Tiltany*, 2025. No.3 (99). P. 105-121. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-105-121>

Кіріспе

Жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазақ тілі» курсының лексикалық мазмұны

тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салаларда қарым-қатынас жасауға қажетті жалпы қолданыстағы лексикалық минимумды, сондай-ақ оқу-ғылыми және оқу-кәсіби салалардағы тілдік қатынасқа бағытталған кәсіби лексикалық минимумды меңгеруге негізделеді. *Лексикалық минимумның басты мақсаты* – студенттердің қазақ тілін меңгеру деңгейін ескере отырып, тіл үйретудің барлық сатыларында білік пен дағдыны қалыптастыру, нақты контингентке бейімдеу және білім беру, оқыту, тәрбиелеу міндеттерін тиімді шешуге жәрдемдесу.

Кез келген тілді оқытуда меңгерілуі тиіс материалдар негізгі құрал ретінде қызмет атқарады. Ол белгілі бір мөлшерде іріктеліп, сұрыптаудан өтеді. Оқу бағдарламалары, стандарт, оқулық, оқу құралы, өзгетілді аудиториядағы қазақ тілі ретінде оқытылатын анықтамалықтар фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және елтанымдық минимумдарды қамтиды, бұл тіл жүйесінің тек бір қырын ғана көрсетеді. Тілдік минимумды құрастыруда сөздердің ең аз мөлшері (минимизация) таңдалады. Р.Қ.Түсіпқалиеваның пікіріне сүйенсек: «Тілдік минимум дегеніміз – тілдегі элементтердің, олардың қасиеттерінің және қолданылу қағидаларының сан жағынан ең шағын жиынтықтары, бұлар топтала келе тілдің ықшамдалған үлгісін, аналогін құрайды. Бұл үлгі белгілі бір дәрежеде тұтас тілге тән қызметтерді жасауға қабілетті» (Түсіпқалиева, 2007: 84). Сондай-ақ әр тілдегі сөздер мен фразеологиялық тіркестердің ішінен меңгерілуі қажет лексикалық минимумды іріктеп алу көптеген факторларға да байланысты.

Қарастырылып отырған зерттеу бағыты бойынша ресейлік және шетелдік еңбектердің көптігіне қарамастан, әлі де қазақ тілінде шешімін тапаған мәселелер кездеседі. Мысалы, лексикалық минимум үшін сөздерді таңдау мәселесі (саны, таңдау әдісі, таңдау көздері); лексикалық минимумның оқу сөздіктер жүйесіндегі орнын анықтау мәселесі; қазақ тілін меңгерудің түрлі деңгейлері мен мамандықтары үшін лексикалық минимум сөздіктерін құру өлшемдерінің атаулық тізімдемесін (номенклатурасын) жүйелі ұйымдастыру мәселесі; лексикалық минимумның типтік құрылымы және оған кіретін лексикалық бірліктерді сипаттау ұстанымдары; қазақ тілін қарапайым (бастапқы) деңгейде меңгеру үшін маңызды сөздер тізімімен байланысты тақырыптық-пәндік салалар («тақырыптар») шеңбері; тестілеу мен оқытудағы лексикалық минимумның дидактикалық мүмкіндіктері; оны әзірлеу және пайдалануға арналған технологиялық құралдар және т.б. мәселелер жеткілікті.

Аталған мәселелер РКІ (орыс тілі шетел тілі ретінде) оқытуда да лексикалық минимум сөздіктерін қалыптастырудың бірыңғай өлшемдері жоқ екенін, лексикалық минимумға кіретін лексикалық бірліктерді ұсыну және сипаттау әдісі туралы бірыңғай пікірдің жоғын, лексикалық минимум құрастырушылары ең алдымен бар лексикалық минимум құрылымы мен мазмұнына сүйенетінін көрсетеді (Муравьев, Ольшевская, 2019).

Мақалада жоғары оқу орнында оқитын қарапайым деңгейдегі студенттерге арналған лексикалық минимумды түзудің негізгі ұстанымдары, студенттердің академиялық және кәсіби ортада тілдік дағдыларын дамыту үшін құрастырылатын лексикалық минимум теориялық-практикалық тұрғыдан қарастырылады. Қазақ тілін меңгеру барысында қарапайым деңгейге қажетті белсенді қолданылатын сөздер оқу құралдарындағы қолданылу жиілігі тұрғысынан талданады.

Материал және әдістер

Зерттеу материалы ретінде ресейлік және шетелдік ғалымдардың лингводидактикасы, оқыту әдістемесі (ғылыми мақала, оқулық және оқу-әдістемелік кешендер), нормативтік құжаттар (ҚР СТ 1926-2023 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру» Қазақстан Республикасы ұлттық стандарты, қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы (Күзекова, Аяпова, Оразбаева, Мамаева, 2017) негізге алынды, шетел тілінің (орыс тілі, ағылшын тілі) лексикалық минимумымен салыстырылды.

Зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер:

Мәліметтерді жинау. Зерттеуге ЖОО-да қазақ тілін А1 деңгейінде оқытуға арналған оқу құралдары алынды:

1. Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: Оқу құралы;
2. Мұсаева Г. Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық деңгей: Оқу құралы. 1-кітап;
3. Нұржанова А.Б., Абнасырова Р.Ж., Нұрманова Г.Н., Дүйсебекова Ж.М. Шетелдіктерге

арналған қазақ тілі (A1 қарапайым деңгей): оқулық;

4. Күзекова З.С., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (A1): Оқу құралы;

5. Қарабаева Х. Ә., Се Вэйнин. Қазақ тілі (қытайлық студенттерге арналған);

6. Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған оқу құралы.

ЖОО-да қарапайым деңгейге арналған оқу құралдары аз әрі қолжетімсіз болғандықтан осылар таңдалды.

Лексикалық талдау. Әлемдік стандарттағы (CEFR – Common European Framework of Reference for Languages) қарапайым деңгейге арналған сөз санын негізге ала отырып, жоғарыда аталған оқу құралдарындағы 800 тілдік бірлік жиілігі бойынша таңдалып, талдауға негіз болды.

Жиілік талдау. Оқу құралдарындағы лексикалық минимумның қолдану жиілігін анықтау үшін статистикалық (Python бағдарламасы, жиілікті анықтау анализаторы), салыстыру әдістері пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Лексикалық бірліктерді іріктеу және лексикалық минимум құрастыру мәселесі бойынша Н.П. Андрюшина, В.В. Морковкин, И.А. Дорогонова, А. Capel, J. Milton, T. Alexiou ғылыми тұжырымдары, орыс тілін жалпы меңгерудің лексикалық минимумының теориясы мен тәжірибесін дамытуға үлкен үлес қосқан: Ю.А. Сафян, Е.М. Степанова, И.В. Дорофеева, Е.И. Маркина, В.В. Дубчинский, Р. Ядав, Н.Г. Нестерова, К.С. Верма және т.б. ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Е.И. Маркинаның «Лингводидактические основы разработки лексических минимумов по русскому языку как иностранному (для разных уровней и профилей обучения)» атты ғылыми диссертациялық жұмысында шетел тілін оқыту жүйесіндегі лексикалық минимумның типологиясын, анықтамасын, лексикалық минимум құрудың әдіс-тәсілдерін, яғни теориясы мен практикасын жан-жақты талдауы жұмысымызды жеңілдетті.

Сонымен қатар лексикалық минимумды тілдік деңгейді бағалау құралы және Ресейде шетел азаматтарын орыс тілінен тестілеуге арналған оқу-әдістемелік құрал ретінде дамытып жүрген әдіскер-ғалымдар (И.Н. Афанасьева, Н.П. Андрюшина, Л.А. Дунаева, Л.П. Клобукова, Л.В. Красильникова, М. Руис-Зоррилла Крузате, И.И. Яценко және т.б.) пікірлері де ескерілді.

Қазақ тіл білімінде Қ.Қ. Жұбанов, Қ.Б. Бектаев, С. Мырзабеков сияқты ғалымдар лингвистикада сандық деректер мен мәліметтердің қажеттілігіне ерекше ден қойып, зерттеуде «тілдің сандық сипатынан байқалатын сапалық қасиеттерін» тиімді пайдалануға болатынын анықтап, тың тұжырымдар жасаған (Жұбанов, 2004). А. Жұбановтың «Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы» атты оқу құралында жиілік сөздіктер мәселесі, олардың тілді зерттеуде пайдаланылуы, тілді зерттеудегі статистикалық әдіс және М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша түзілген жиілік сөздіктегі ең жиі қолданылған 500 сөзі бағдарға алынды.

Қ.Б. Бектаевтың «Статистико-информационная типология тюркского текста» атты монографиясында түркі тілдерінің типологиясы үндіеуропа тілдерімен салыстырыла зерттеліп, формальды-статистикалық ықтималдық әдісі қолданылғаны ескерілді (Бектаев, 1978).

Ш.Ш. Сарыбаев, Б.Қ. Қалиев, М.Малбақовтың «Қазақ лексикографиясының тарихы» атты зерттеуі, З.С. Күзекованың «Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері» атты диссертациясы, К. Жақсылықованың «Научные основы отбора комплексной организаций языкового материала по казахскому языку» атты ғылыми жұмысы, Ж.Т. Байниязованың «Қазақ лексикографиясы: біртүлді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері» атты ғылыми диссертациясы (2008 ж.), Р. Түсіпқалиеваның «Қазақ лексикографиясы: екітілді шағын сөздіктердің құрылымы» (2007) атты еңбегі және Е.З. Қажыбек, А.М. Фазылжанованың «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» (2016) және т.б. жазылған ғылыми еңбектердегі сөздік түзудің теориялық негіздері қарастырылғанымен, ЖОО-на арналған лексикалық минимум түзу жұмысы мен лексикалық дағды қалыптастырудың практикалық тәжірибесі қазіргі кезең тұрғысынан әлі де толықтыруды қажет етеді.

2011, 2017 жылдары ҚазТест жүйесі бойынша қазақ тілін меңгеруге арналған лексикалық минимум қарапайым (A1), базалық (A2), орта (B1), ортадан жоғары (B2) және жоғары (C1) деңгейлер бойынша ұсынылған. 2024 жылы Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық

ғылыми-практикалық орталығы қазақ тілін үйретудің А1-С1 деңгейлеріне арналған лексика-грамматикалық минимумын әзірледі. Сондай-ақ А1, А2 деңгейіне арналған қазақша-орысша оқу сөздіктерін де құрастырған. Алайда бұл еңбектер қазақ тілін өз бетінше үйренушілердің өзара қатысымдық құзыретін қалыптастыру, яғни қазақ тілін жалпы меңгеруге арналған.

Біздің *зерттеу мақсатымыз* – ЖОО-дағы қазақ тілін оқытуда лексикалық минимумға талдау және сараптама жасау арқылы тиімді лексикалық дағды қалыптастыру жолдарын ұсыну.

Нәтижелер және талқылау

Жоғары оқу орнына арналған лексикалық және грамматикалық минимумдар – тіл оқыту барысында студенттердің меңгеруі қажет негізгі сөздер мен грамматикалық құрылымдардың жиынтығы. Олар студенттердің академиялық және кәсіби ортада тілдік дағдыларын тиімді қолдануын қамтамасыз ету үшін құрастырылады.

Тілді оқыту жүйесінде лексиканы меңгеру маңызды орын алады, себебі лексикалық құрамсыз тілдің өзге ешбір аспектісін толықтай сипаттап беру мүмкін емес. Лексика – тілдің фонетикалық әрі грамматикалық қасиеттерін бойына сіңірген негізгі тасымалдаушы ретінде көрініс табады. Өзге тілді меңгерту үдерісінде студенттер игеруі тиіс негізгі тілдік аспектілердің ішінде лексика – психологиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды компонент болып саналады. Өйткені лексикалық қор – тіпті шектеулі көлемде болса да – тілдік қатынастың барлық түріне негіз болатын, тілге еркін иелік етудің басты шарты.

Лексикалық минимум – белгілі бір уақыт аралығында тіл үйренушілер меңгеруі тиіс лексикалық бірліктер. Ол бір жағынан белгілі бір коммуникативтік тапсырмаларды орындау үшін қажет сөздердің ең төменгі мөлшері болса, екінші жағынан өзгетілді аудиторияда белгілі бір уақыт ішінде меңгере алатын сөздер жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Алғашқы еңбегінде В.В. Морковкин: «Лексикалық минимум – білім алушыларға қажетті оқу сипатындағы мәтіндерді жалпы түсінуге мүмкіндік беретін және тілді одан әрі үйрену барысында толыққанды сөздік қорды қалыптастыруға негіз болатын лексикографиялық шығарма», (Морковкин, 1985) – деген анықтама берсе, кейінгі еңбегінде лексикалық минимумды «белгілі бір кезеңде орыс тілін оқытуды қамтамасыз ететін минималды жеткілікті лексикалық бірліктер массивін қамтитын оқу-лексикографиялық шығарма» деп, оны оқу лексикографиясының өнімі ретінде толықтырады (Морковкин, 1988).

Е.И. Маркина ғылыми еңбегінде лексикалық минимумға қатысты көптеген анықтамаларға сүйене отырып:

1) сандық және уақыттық факторлар (сөздік көлемі оқыту мақсаттары мен шарттарына және білім алушылардың белгілі бір уақыт аралығында лексикалық бірліктер санын меңгеру қабілетіне байланысты анықталады);

2) белгіленген өлшемдер бойынша лексикалық бірліктерді таңдау және сипаттау;

3) коммуникациялық мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін тілдің микрожүйесін модельдеу;

4) оқытудың белгілі бір кезеңі мен мақсаттарына бағытталу», – деп бөліп көрсетеді (Маркина, 2011). Бұл пікірлерді жинақтай келе, қазіргі лексикалық минимум тілді меңгерушілерге коммуникативтік міндеттерді сәтті орындау үшін белгілі бір деңгейде қажетті және жеткілікті көлемде таңдалған, сипатталған және құрылымдалған лексикалық бірліктерді қамтитын көп функциялы кешенді оқу сөздігінің ерекше түрі екенін байқауға болады.

В.В. Дубчинский тілді оқыту әдістемесі тұрғысынан оқу лексикографиясы теориясында лексикалық минимум ұғымы негізгі орын алатынын және «... белгілі бір әдістемелік мақсатқа сай әдеби тілдің жалпы лексикалық құрамын оңтайлы ықшамдау арқылы іріктелген сөздер жиынтығынан тұратын оқу сөздігі», – деп анықтама береді (Дубчинский, 1998: 78).

Лексикалық минимумға енетін сөздер төмендегідей белгілері бойынша да таңдалады:

1. Семантикалық құндылық (маңызды әлеуметтік-мәдени ұғымдарды білдіреді және тілдің лексикалық өзегін құрайды);

2. Сөзжасамдық қабілеттілік;

3. Сөз тіркестерінің құрамына ену мүмкіндігі;

4. Стилистикалық бейтараптық;

5. Сөйлеуде және шет тілі немесе екінші тіл ретінде орыс тілі оқулықтарында қолданылу

жиілігі (Ядав және т.б., 2017).

Кесте 1 – Сөздерді лексикалық минимумға таңдау белгілері

Таблица 1 – Критерии отбора слов для лексического минимума

Table 1 – Criteria for Selecting Words for the Lexical Minimum

№	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1	сөздің стилистикалық сипаты	стилистикалық шексіздік (стилистическая неограниченность)
2	сөздің тіркесімділігі	сөз тіркесін құрай білу қабілеті (способность входить в словосочетания)
3	семантикалық құндылығы	семантикалық құндылығы (сөздің жиі кездесетін заттар мен құбылыстарды белгілеу қабілеті) (семантическая ценность)
4	сөздің сөзжасамдық құндылығы	сөзжасамдық қабілеті (способность слова к словообразованию)
5	жиілік («тақырыптық» жиілігі)	жиілік (жиілік сөздіктердегі, РКИ оқулықтарындағы жиілік көрсеткіштері, «тақырыптық» жиілік ескеріледі)
6	тақырыптық ұстаным / жағдаяттық тақырыптық ұстаным	
7	сөздің басқа сөздермен семантикалық байланысқа түсу қабілеті	
8	көпмағыналық	
9	сөздердің құрылымдық қабілеті	
10	практикалық қажеттілігі	
	З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы / Екінші басылым. – Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2017. – 40 б.	Государственный стандарт по русскому языку как иностранному. Элементарный уровень. / Владимирова Т.Е. и др. – 2-е изд., испр. и доп. – М. – СПб.: Златоуст, 2001. – 28 с.

Шетелдік ғалымдардың лексикалық білім құрылымы мен көлеміне қатысты әртүрлі тәсілдердерін төмендегі кестеден көруге болады (Кесте 2¹).

Кесте 2 – Лексикалық білім аспектілері

Таблица 2 – Аспекты лексических знаний

Table 2 – Aspects of Lexical Knowledge

<i>P. Nation</i>	<i>Е.А. Маслыко, П.К. Бабинская, А.Ф. Будько, С. И. Петрова</i>	<i>В.В. Морковкин</i>	<i>И.П. Слесарева</i>
1) сөз мағынасы; 2) сөздің жазылуы; 3) дыбысталуы; 4) грамматикалық ерекшеліктері; 5) тіркесу қабілеті; 6) стильдік ренкі;	1) лексикалық бірліктің тақырыптық және семантикалық топтардағы басқа лексемалармен арақатынасы;	1) сөздің абсолюттік құндылығы (яғни, денотат туралы ақпарат – сөзден тыс өмір сүретін нақты құбылыстар немесе нысандар класы туралы мәлімет);	1) денотативтік компонент – сөзбен белгіленетін нақты заттық немесе құбылыс әлеміндегі нысан туралы ақпарат (денотат); 2) сигнификативтік компонент – сөздің жалпы

¹Кесте Е.И. Маркинаньң еңбегінен алынып, толықтырылды (Маркина, 2011: 162).

Кесте 2 жалғасы / Продолжение Таблицы 2 / Continuation of Table 2

7) ассоциация; 8) қолданылу жиілігі.	2) синонимдер және антонимдермен арақатынасы; 3) лексикалық бірліктің мағынасы; 4) сөзжасамдық ерекшеліктері; 5) сөздің тіркесу мүмкіндіктері.	2) сөздің салыстырмалы құндылығы (тілдегі басқа сөздермен арақатынасы туралы ақпарат: сөздің стильдік және эмоциялық-экспрессивтік реңкі, оның синонимдер мен антонимдерге ие болу немесе болмау қабілеті, басқа сөздермен паронимиялық байланысқа түсе алу/түсе алмауы, қолданылу жиілігі туралы мәліметтер); 3) сөздің тіркесімдік құндылығы (белгілі бір сөздермен белгілі бір үлгіде тіркесу қабілеті туралы ақпарат).	ұғымдық, түсіндірмелік мазмұны (ойдағы бейнесі); 3) парадигмалық компонент – сөздің тілдегі басқа бірліктермен (синоним, антоним, бір түбірлі сөздер) жүйелік қатынасы; 4) синтагмалық компонент – сөздің басқа сөздермен тіркесу, сөйлем ішінде қолданыс қабілеті; 5) аялық компонент – ұлттық-мәдени білімдерге негізделген, сөзбен байланысты бейтарап емес ассоциативтік мағына (елтанымдық мағына); 6) прагматикалық компонент – сөзді қолданудың коммуникативтік жағдайға қарай өзгеруі (кімге, қандай жағдайда айтылатыны, сөйлеушінің ниеті); 7) бейнелік (образдық) компонент – сөздің ауыспалы, метафоралық, көркем мәні (поэтикалық немесе эмоциялық реңкі).
---	---	---	--

Бұл аспектілердің барлығы лексиканы оқыту құралдарында кездеседі. Олардың қатарына тілді меңгерудің нақты деңгейіне сай келетін, құрамына енген сөздер туралы ең қажетті әрі мазмұнды ақпаратты қамтитын лексикалық минимум да жатады. Бұл аспектілер лексикалық бірліктерді іріктеуде тіл үйренушілердің сұранысына сай лексикалық дағдылардың күрделілігі мен көпаспектілігі ескеріліп құрылады дегенді білдіреді. Осыған сай лексикалық минимум оқулық, оқу құралдары және оқу мақсатына арналған мәтіндерге сенімді әдістемелік негіз бола алады.

Қазақ тілін оқытуда лексикалық материалды сұрыптау қазақ тілін оқытудың мақсат-міндетіне, уақыт шектеулілігіне байланысты. ЖОО-да қазақ тілі аптасына 3 сағат, 1-2 семестрде 5 кредит (45 сабақ), жалпы 10 кредит (90 сағат) бойынша оқытылады. Біз таңдап алған оқулық, оқу құралдарын құрастырушылар сөздерді сұрыптауда жеке өздерінің ғылыми-педагогикалық тәжірибелеріне сүйенген. Р. Түсіпқалиеваның «Жеткілікті дәрежедегі ғылыми негіз болмаған минимумдар белгілі бір лексикалық жүйе құрай алмады» (Түсіпқалиева, 2007), – деген пікірін осы жағдайда ескермесе болмайды.

ЖОО-на арналған оқу құралдарында статистикалық принцип пен лингвистикалық принципке қарағанда әдістемелік принцип, яғни, тақырыптық құндылық ұстанымына көбірек мән берілген. Авторлар сөздердің сөйлеу жағдаяттарында белсенді қолданылуына, күнделікті қарапайым қарым-қатынасқа қажетті сөздерге және оның тақырып бойынша топтастырылуына басымдық бергені байқалады.

Кесте 3 – Лексикалық минимум құрудағы шетелдік және қазақстандық тәсілдерді салыстыру
 Таблица 3 – Сравнение зарубежных и казахстанских подходов к созданию лексического минимума
 Table 3 – Comparison of Foreign and Kazakhstani Approaches to Creating a Lexical Minimum

Критерийлер	Орыс	Ағылшын	Неміс	Қазақ
Мақсатқа бағытталуы	Оқу	Теориялық, жалпы қолданыс	Теориялық, жалпы қолданыс, оқу	Теориялық, жалпы қолданыс, оқу мақсатында
ЛМ құрудағы тәсілдер	Негізінен коммуникативтік	Негізінен статистикалық	Негізінен статистикалық	Коммуникативтік
Мәліметтер дереккөзі	Оқулықтар, сөздіктер, жиілік тізімдері, бұрын жасалған жиілік тізімдері және ЛМ	Корпустар, сөздіктер, жиілік тізімдері, ана тілін білушілерден сұрау	Корпустар, сөздіктер, жиілік тізімдері, ана тілін білушілерден сұрау	Оқулықтар, сөздіктер
ЛМ мәтіннің қанша пайызын қамтуы керек	80-95%	80%-дан кем емес	80%-дан кем емес	70-80%

Әдебиеттерді шолу барысында шетелдік лексикалық минимум құрастыру тәсілдерінің әртүрлі екенін байқадық. Мысалы, ресейлік ғалымдар консервативті тәсілді ұстанып, көбіне қолданыстағы сөздіктер мен оқу құралдарына сүйенеді, кейде жиілік тізімдерді де пайдаланады. Және бұл тәсілді лексикалық минимум шет тіл ретінде орыс тілін үйренетін шетелдіктердің коммуникативтік қажеттіліктеріне бағытталғандығымен түсіндіреді, сонымен қатар соңғы уақытта тілдің лексикалық ядросын анықтау сияқты жалпы міндетті де қояды. Ресейде де, шетелде де коммуникативке бағытталған тізімдерге сөздерді таңдау, әдетте, нақты тілдік қолданыстың статистикалық сипаттамаларын жеткілікті түрде көрсетпейтін субъективті критерийлер бойынша да жүзеге асырылады. Ал қазақ тілінде теориялық еңбектер, оқу құралдарында қамтылған сөздер саны негізінде қарым-қатынас мақсатын көздеп, негізгі тәсіл ретінде қарастырылады.

ЖОО-ға арналған лексикалық минимумда өзгешелік байқалады. Оған жоғары оқу орнында оқытылып жүрген «Қазақ тілі» А1 (2014-2021 жылдар аралығындағы жалпы саны – 6) қарапайым деңгейге арналған оқу құралдарын саралап, таңдалған лексикалық минимумды қарап шыққанда көз жеткіздік. Нақты айтар болсақ, «Қазтест» жүйесі бойынша шыққан лексикалық минимумның мақсаты қазақ тілін жалпы меңгерту болса, ЖОО-ға арналған лексикалық минимумда оқыту мақсатына сай күнделікті қарым-қатынас саласына қажетті тақырып бойынша «мамандық», «аудитория», «сабақ», «кітапхана» және т.б. төңірегіндегі сөздер мен сөз тіркестері негізге алынады.

1978 жылғы баяндамасында Уилкинс тілді меңгертудің бастапқы кезеңін «бастапқы құзырет», ал ғалым Трим «кіріспе деңгей» деп атаған (Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. Companion volume). Қазір ол деңгейді «өмір сүру деңгейі» деп атап жүрміз. Қазақ тілін шет тілі ретінде меңгерудің қарапайым деңгейі сол тұрып жатқан елде «өмір сүрудің» алғышарты болып табылады, демек студент кез келген ортада өзіне қажетті нәрселерді танып, біліп, сұрай алатындай деңгейде қажетті сөзді пайдалана білуі керек. Мысалы, ол көшеде керек жеріне барар жолдағы көлік түрлері, нөмірін, көшенің атауын; дүкенде өзіне қажетті тағам атауларын; университетте пән атауларын, сабақтың қай аудиторияда өтетінін, оқытушылардың аты-жөнін, сабақта қажетті сұрақтарын және т.б. күнделікті тұрмысқа қажетті нәрселерді сұрап, жауап ала алуы қажет. Яғни белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған таныс, күнделікті сөз тіркестерін және өте қарапайым сөйлемдерді түсініп, пайдалана алуы; өзін және басқа адамдарды таныстыра алуы, сондай-ақ оларға сұрақтар қоя алуы, әңгімелесушілермен баяу және анық сөйлесіп түсінісуі жатады.

Жалпы оқу лексикографиясының теориясына, әсіресе лексикалық минимум құрудың теориялық және практикалық негізін қалыптастыруға арналған мәселелер бойынша ресейлік және шетелдік еңбектерде лексикалық минимумның оқу сөздіктер жүйесіндегі орнын анықтауға

қатысты мәселелер әлі шешімін таппаған деген қорытынды жасауға болады. Ал қазақ тілін оқытудағы лексикалық бірліктердің мөлшері, қолданылу жиілігі, дидактикалық мүмкіндіктері, жалпы қазақ тілін меңгертудегі орны толық шешімін тапты деуге ерте. Қазтест жүйесі бойынша шыққан «Қазақ тілін меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы» жарық көргенімен, ол лексикалық минимумның ЖОО-на қолданысы, студенттерге мемлекеттік тілді оқытудағы сөз мөлшерінің жеткіліктілігі, ЖОО-ға арналған оқулық, оқу құралдарындағы көрінісі әлі зерттеу нысанына алынған жоқ. Студенттерге арналған лексикалық сөздік бөлек түзілуі қажет. Қарапайым деңгейдегі қарым-қатынасқа қажетті сөздермен қатар студенттердің күнделікті оқу орнына қажетті қолданатын сөздерін де енгізген жөн. Ол оқу мақсаты, типтік бағдарлама, силлабус аясындағы тақырыптар көлемін қамтуы керек. Лексикалық минимумды жүйелі түрде меңгеру студенттердің тілдік құзыреттілігін арттырады және тіл үйрену әрекетін жеңілдетеді.

А1 қарапайым деңгейге арналған лексикалық минимумдағы сөздердің санын анықтау мәселесі

Лексикалық минимумды құрудағы ең өзекті мәселеге – сөздердің санын, оны таңдау дереккөзін анықтау, алдын ала белгіленген өлшемдерді ескере отырып оны жүзеге асыру, сондай-ақ сөздердің репрезентативтілігі (сөздерді белгілі бір формада ұсыну немесе қайта жасау) мәселесі кіреді.

ЛМ-ға қатысты сөздердің тізіміне келер болсақ, оны таңдау тәсілдеріндегі түрлі ерекшеліктерді байқауға болады. «Тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзіреттілік» тұжырымдамасын құруда коммуникативті құзыреттілік ұғымына байланысты Я.А. Ван Эктің ұстанымы маңызды орын алады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, қарапайым деңгейдегі сөздіктің көлемі бастапқы кезеңдегі қарым-қатынас мақсаттарына байланысты (ағылшын тілі үшін бұл: *өзі, отбасы, жақын ортасы туралы айту, белгілерді, хабарландыруларды, ашық хаттарды түсіну, сауалнамаларды толтыру*) 120 сөзді құрайды (survival list – өмір сүруге қажетті тізім), ал күнделікті қарым-қатынас үшін шамамен 2000 сөз қажет болады (Трушина, 2013).

Мәскеу мемлекеттік университетінің мамандары құрастырған бастауыш кезең үшін түзілген минимумда 1000-1500 сөз, жалғастырушы кезеңге арналған минимумда 3000-4000 сөз болған (Денисов, 1972).

«Ағылшын тілінің лексикографиясында М. Уэст бастапқы лексикалық минимумды 1490 сөздің көмегімен құраған. Кейін осы минимумды негізге ала отырып сөздік түзіп, 24000 сөзге түсініктеме берген. Гугенем мен Мишеа француз тілінде 3000 сөзден тұратын негізгі лексика сөздігін жасады. Оларды 1374 қарапайым сөздің көмегімен түсіндірді. Неміс тілінің бастауыш деңгейінде ең маңызды саналатын 1269 сөз үйретеді (Түсіпқалиева, 2007).

Жалпы лексикографияның негізін қалаған ғалым П.Н. Денисов 1500 сөз бастауыш кезеңге арналған оқулықтардың негізгі бөлігін құрайтынын айтса, Р.М. Фурумкина жиі қолданылатын 1000 сөз тілдік қатынастағы барлық сөзқолданымның 65-70 пайызын құрайтынын айтады (Фурумкина, 1967).

Әлемдік стандарт CEFR-дегі бастапқы деңгейде тіл үйренушілер 750 лексикалық бірлікті меңгеруі керек. Орыс тілі әдіскер-ғалымдарының пікірінше, бастапқы деңгейдегі лексикалық минимум 500-800 сөзден тұрады. Мысалы, А.Н. Щукин бастапқы деңгейде тіл үйренуші 750 лексикалық бірлікті меңгеруі керектігін айтады (Щукин және т.б., 2018). Қазіргі кездегі орыс тілін шетел тілі ретінде оқытуға арналған бастапқы деңгейдегі лексикалық минимум 780 лексикалық бірліктен тұрады.

Қарым-қатынас орнатуға қажетті сөздік қордың қатарына: *тәулік уақыты, апта күндері мен айлардың атаулары, көлік түрлері, қалалық мекемелер (мұражай, театр), кәсіптер, ғылымдар (актер, тарих), сан есімдер, отбасы мүшелері, тұрмыстық заттар (айна, сөмке), тағамдар (күріш, шырын), маңызды әрекеттер (жұмыс істеу, оқу, жүру)* және т.б. кіреді. Шет тілі ретіндегі орыс тілінің лексикалық минимумында (қарапайым деңгей, жалпы меңгеру) оқу үдерісі ескеріліп, шектеулі көлемдегі оқулық лексикасы да қамтылған. Себебі шетел тілін үйрену одан әрі меңгеруге (яғни келесі деңгейде тіл үйренуге) бағытталуы тиіс. Сонымен қатар ол минимумда орыс тілін үйренушілерге өзекті коммуникативтік тапсырмаларды шешу кезінде қажетті әртүрлі сөйлеу этикетінің формулалары берілген (Андрюшина, Козлова, 2015).

Сонымен, лексикалық минимум түзудегі бастапқы кезеңдегі сөз саны әр еңбекте әртүрлі,

мақсаты мен міндетіне байланысты өзгереді.

Қазақ тілі А1 қарапайым деңгейге арналған оқулық, оқу құралдарындағы сөздердің қолданылу жиілігі

Қазақ тілі А1-қарапайым деңгейге арналған оқулық пен оқу құралдары қолжетімділігі, сол деңгейдегі аудиторияның қажеттілігін өтеуіне, оқу бағдарламасымен сәйкестігіне, сондай-ақ мүмкіндігінше соңғы жылдардағы нұсқасын қарастыру бойынша таңдалды. Студенттердің қарапайым деңгейде тілді меңгеруіне арналған оқу құралдары көп емес. Оның себебін тілді меңгертудің бұл деңгейін (А1) шетел азаматтарын оқытуға арналғандықтан, барлық ЖОО-на шетелдік студенттер түсе бермейтіндігімен байланыстырдық.

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, лингвостатистикалық зерттеулер арқылы жиілік сөздік құру ісі қолға алынды. Жиілік сөздік түзу арқылы сандық деректердің астарында жасырынып тұрған сапалық қасиеттерді танып, оны практикада пайдалану оң нәтиже беруде. Жиі қолданылатын сөздердің тізбесін жасаудағы мақсат – қазақ тілінде белсенді қолданылатын сөздерді анықтап, олардың тіл үйретудегі маңызын көрсету. Содан кейін анықталған сөздерді есте сақтап бекіткен соң, ары қарай деңгей бойынша күрделендіре түскен жөн. Осындай негіздемені басшылыққа ала отырып, А1 қарапайым деңгейге арналған 6 оқу құралындағы 800 сөздің қолданылу жиілігі 2 түрлі бағдарлама (Pyton және анализатор) бойынша автоматты түрде анықталды. Берілген статистика шартты түрде алынды. Себебі кейбір сөздердің түрлі грамматикалық тұлғадағы нұсқаларын бағдарлама есепке ала берген. Алайда олар мүмкіндігінше түзетілді және сөздер түбір күйінде де, қосымшаларымен де қоса алынды.

Бұл жерде әр оқу құралының көлемін де ескеру керек. Мысалы, З.Күзекова, Б.Ақбұзауованың оқу құралы – 122 бет, А. Салқынбай, Н.Егізбаеваның оқу құралы – 142 бет, Ж.Абдрахманованың оқу құралы – 127 бет, Х. Қарабаеванікі – 127 бет, А. Нұржанова және т.б. – оқулығы – 114 бет, Г. Мұсаеваның оқу құралы – 242 беттен тұрады. Осы еңбектердегі ең жиі қолданылатын 800 сөз әлемдік тәжірибеге сүйене отырып іріктелініп алынды.

Pyton бағдарламасы арқылы жиі қолданылған 20 сөзді қарастырғанда, ең жиі қолданылған сөз – *мен* есімдігі/шылауы (Ж. Абдрахмановада – 180 рет, А. Нұржанова т.б. – 130 рет, З. Күзекова, Б. Ақбұзауовада – 255 рет шылау қызметінде, Г. Мұсаевада – 408 рет, Х. Қарабаевада – 85 рет, А.Салқынбай, Н. Егізбаевада – 179 рет) болды. *Мен* сөзінен басқа *сіз, сен ол, бұл* есімдіктері алғашқы бестікте тұр. Сөздердің жиілігі бойынша қарасақ та, 6 автор еңбектеріндегі 20 сөздің әртүрлі екенін байқауға болады. *Жіктеу, сілтеу, сұрау* есімдіктерінің қолданылу жиілігі біршама жоғары болса, *сөз* зат есімі Ж. Абдрахманованың оқу құралында – 136 рет, А. Нұржановада – 46 рет, З. Күзековада, Ү. Мұсаевада, А. Салқынбайда алғашқы 20 сөздің ішінде жоқ болса, Х.Қарабаевада – 81 рет кездеседі.

Кесте 4 – Оқу құралдарындағы сөздердің жиілігі (Pyton бағдарламасы арқылы алынған жиі қолданылған 20 сөз)

Таблица 4 – Частотность слов в учебных пособиях (20 наиболее часто используемых слов, полученных с помощью программы Python)

Table 4 – Word Frequency in Textbooks (20 most Frequently Used Words Obtained Using the Python Program)

<i>Ж. Абдрахманова, 2014 ж.</i>	<i>Жиілігі</i>	<i>А.Нұржанова, Р. Абнасырова 2019 ж.</i>	<i>Жиілігі</i>	<i>З. Күзекова, 2018 ж.</i>	<i>Жиілігі</i>
мен	180	мен	130	сіз	363+112
сіз	85+25	қай	78	ол	357
сен	81	және	75	бұл	273
ол	77	менің	71	мен	255
жаттығу	118	бұл	66	менің	180
бар	58	бар	55	ма	151
сөз	100+36	грамматика	54	жауап	148
мына	57	керек	52	қайда	143

Кесте 4 жалғасы / Продолжение Таблицы 4 / Continuation of Table 4

менің	56	белгілеңіз	52	үлгі	141
көп	54	беріңіз	52	бе	141
жақсы	53	қажетті	52	беріңіз	123
қазақ	50	фонетика	51	не	121
су	50	қандай	51	ме	115
бір	43	тыңдаңыз	50	сіздің	112
біз	43	қойыңыз	50	қашан	109
жоқ	42	ол	49	біз	109
және	41	сағат	48	осы	108
сабақ	39	сөздерді	46	жақсы	97
тапсырма	36	иә	45	оның	97
он	39	дұрыс	41	сұрақтарға	69
<i>Г. Мұсаева, 2015 ж.</i>	<i>Жиілігі</i>	<i>Х. Қарабаева, 2021 ж.</i>	<i>Жиілігі</i>	<i>А. Салқынбай, 2021 ж.</i>	<i>Жиілігі</i>
мен	408	пе	120	мен	179
тілі	286	керек	118	оқыңыз	95
менің	264	бұл	110	менің	91
бұл	247	ма	110	сіз	86
ол	240	бар	97	қайталаңыз	85
қазақ	224	бе	96	табыңыз	85
жақсы	207	оқыңыз	94	ол	82
не	196	ба	88	бүгін	72
иә	189	мен	85	дыбыстар	71
керек	183	сөз	81	келеді	65
және	163	ол	75	керек	62
сіз	163	ме	73	модель	57
бар	163	біз	59	толықтырыңыз	56
жоқ	161	жоқ	54	сен	54
кім	152	белгілеңіз	53	дауыссыз	52
сіздің	131	не	48	жақсы	52
сен	127	сабақ	45	не	52
оқыңыз	126	күн	44	тыңдаңыз	51
шет	124	емес	42	жұмыс	49
ретінде	124	сен	41	бұл	49

Қолданылу жиілігі жағынан ең алдымен сабақ барысында, аудиторияда қолданылатын төмендегі сөздердің жиі қолданысын бөліп көрсетуге болады: *мен, сен, сіз, ол, қажет, керек, бұл, қазақ, тіл, мына, тыңда, қой, қайтала, оқы, тап, жаз, ал, жүр, жатыр, сабақ, жақсы, дұрыс, жаңа, жауап, сұрақ, тақырып, бар, үшін, туралы, қалай? не? қашан? қалай? қайда? қандай?*

Статистикалық ұстаным бойынша сөздердің қоры мен қолданыс жиілігін (сөздердің 6 оқу құралы бойынша қолданылу саны) анықтағанда, есімдіктер мен шылаулардың (*және, мен*) жиі кездесетіні анықталды.

Бастапқы деңгейдегі тіл үйренушілердің тілдік қажеттіліктері негізінен өзін таныстыру, отбасы мүшелері, күнделікті өмірдегі қарапайым қарым-қатынас сияқты тақырыптармен шектелетінін айттық. Осыған байланысты есімдіктердің жиі қолданылуы – тіл үйренудің когнитивтік және коммуникативтік ерекшеліктеріне сай келеді. CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) стандарттарына сәйкес, A1 деңгейіндегі тіл үйренушілердің негізгі мақсаты – қарапайым ақпарат алмасу. Бұл кезеңде «мен», «сен», «ол», «біз» сияқты жіктеу және сілтеу есімдіктері жиі қолданылады, себебі олар тұлғалық қатынасты білдірудің негізгі құралы болып табылады. «Мен студентпін», «Бұл – менің досым» деген сөйлемдерде есімдіктер

сөйлеу актісінің орталық элементі ретінде көрінеді.

Есімдіктер – қысқа, жиі қолданылатын, мағынасы контексте айқын болатын сөздер. Олар тіл үйренушінің жадында тез сақталып, қолдануға жеңіл болады. Бұл когнитивтік жүктемені азайтып, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі (Ellis, 2003).

Әр оқытушының сөз қолданысындағы ерекшеліктер сабақтың мақсатына, бағдарламадағы тақырыптарға қатысты болып келеді. А1 деңгейінде жиі қолданылады дейтін *қалып етістіктер* 6 оқу құралында түрлі жиілікке ие. Мысалы, *отыр* – Ж. Абдрахмановада – 27, Х. Қарабаевада – 31; *жатыр* – Х. Қарабаевада – 28; *жүр* – Ж. Абдрахмановада 31 рет қолданылған.

Кесте 5 – Python бағдарламасы мен Жиілік есептегіш құрал арқылы сөздердің жиілігін анықтау
Таблица 5 – Определение частотности слов с помощью программы Python и Частотного анализатора

Table 5 – Determining the Frequency of Words Using a Python Program and a Frequency Analyzer

<i>Python бағдарламасы бойынша</i>	<i>Жиілік есептегіш құрал бойынша</i>
Мен – 1237 рет	Сіз/ес – 1213 рет
Сіз – 1022 рет	Мен/шл – 1077
Ол – 880 рет	Ол/ес – 878 рет
Бұл – 545 рет	Бол/ет – 750 рет
Жақсы – 485 рет	Сен/ес – 707 рет
Бар – 457 рет	Қай/ес – 627 рет
Не – 450 рет	Сөз/зт – 623 рет
Оқыңыз – 437 рет	Он/са – 620 рет
Қазақ – 419 рет	Біз/ес – 607 рет
Керек – 415 рет	Бұл/ес – 534 рет
Сен – 380 рет	Оқы/ет – 516 рет
Біз – 374 рет	Кім/ес – 480 рет
Қайда – 370 рет	Кел/ет – 479 рет
Сөз – 314 рет	Ал/ет – 425 рет
Тілі – 313 рет	Жұмыс/зт – 421 рет
Және – 310 рет	Тұр/ет – 420 рет
Иә – 306 рет	Күн/зт – 407 рет
Жоқ – 293 рет	Қазақ/зт – 399 рет
Қандай – 281 рет	Жақсы/сн – 372 рет
Қай – 279 рет	Үй/зт – 336 рет
Туралы – 269 рет	Тіл/зт – 326 рет
Кім – 235 рет	Сабақ/зт – 325 рет
Жауап – 222 рет	Жауап/зт – 317 рет
Мына(у) – 218 рет	Тыңда/ет – 306 рет
Сағат – 215 рет	Сұрақ/зт – 300 рет
Күн – 187 рет	Сөйлем/зт – 283 рет
Үшін – 138 рет	Дыбыс/зт – 226 рет
Тапсырма – 136 рет	Отыр/ет – 204 рет
Осы – 133 рет	Бар/ет – 204 рет
Он – 102 рет	Дос/зт – 198 рет

Бұл кестеде Python бағдарламасы мен Жиілік есептегіш құрал арқылы 800 сөз ішінен алғашқы 30 сөз іріктеліп алынды. Сол бағандағы (Python бағдарламасы) жиі кездесетін сөз «мен» 1237 рет көрсетілгенімен, ол шылау ретінде ме, жоқ есімдік ретінде кездескен бе, ол жағы белгісіз. Сол сияқты «бар» сөзі де қандай қызметте жұмсалып тұрғаны анық емес. Ал оң бағандағы жиілік есептегіш құралмен біз нысан еткен оқулық пен оқу құралдарындағы сөздердің қандай грамматикалық қызметте жұмсалғанын байқай аламыз. Мұнда «мен» шылауы «сіз» есімдігінен кейінгі орында тұр.

Лексикалық минимум – тілде жиі қолданылатын сөздер мен терминдердің жүйеленген тізімі дедік. Оның мазмұны оқу бағдарламасының ерекшелігіне, тілдің деңгейіне байланысты. Бұл жерде әр оқулықтағы мақсат пен міндетті, тақырыптар мен оған қатысты алынған сөздерді де есепке алмасқа болмайды.

Қорытынды

Сонымен, қазақ тілінің қарапайым деңгейіне арналған лексикалық минимумын анықтау үшін қазақ тілі оқу материалдарының жеткілікті мөлшерде болуы, регистр, жанр мен стильдер бойынша тілдің әртүрлілігі жеткілікті түрде көрсетілуі, ұсынылған мәтін түрлерін барынша қамтитын лексемалардан тұруы керек деген тұжырымға тоқталдық.

Сандық көрсеткіштер, яғни оқу құралдарындағы сөздердің қолданылу жиілігі жоғарыдағы бағдарламалық тізімде көрсетілгендей, нақты бағдар бере алмаса да, қарапайым деңгейде күнделікті тұрмыстық тақырыптарда сөйлесуге мүмкіндік беретін қарым-қатынасқа қажетті 800 (тіпті одан да көп) сөзден тұратынын көрсетті. Қарапайым деңгейдегі сөздер көркем әдебиет немесе ғылыми-публицистикалық стильді көздемейтіні де анық.

Лексикалық минимум тіл үйренушілердің белгілі бір уақыт көлемінде лексикалық бірліктерді меңгеруі. ЛМ-ның сандық және сапалық құрамы тілді үйретуге бөлінген оқыту мақсатына, оқытудың кезеңі мен сағат санына байланысты. Сондай-ақ тілді үйренудің кезеңдерімен қоса, тіл деңгейіне де қатысты. ЖОО-да қарапайым деңгейге бөлінетін сағат саны оқу бағдарламасы мен семестр кезеңіне сай білім алушылардың сөздерді меңгеру мүмкіндігі де ескерілуі керек. Қазақ тілін ЖОО-да меңгерту кезеңінде қаншама мақсат-міндеттер қойылады. Жаңа сөздерді меңгеруден басқа грамматикалық минимум, сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) жүзеге асыру да маңызды. Алайда сөйлеу әрекеттерінде осы лексикалық минимумды қатаң қадағалап, сұрыптап отыруға болады. Білім алушы лексикалық минимумды меңгеру арқылы қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан ЖОО-ға бөлінген уақыт пен сабақ кезеңдерін ұтымды пайдалану үшін әрбір деңгейде қолданылатын сөздерді таңдап, талғап, сол қарапайым деңгейде белгіленген сөздер арқылы барлық әрекеттерді оңтайлы жүзеге асырса, тіл үйрену нәтижелі болады.

Ал біз нысан еткен 6 оқу құралындағы сөздердің үштен бір бөлігі «Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумының екінші басылымындағы сөздерде» (Қазтест) кездеспейді. Бұл төмендегідей *бірнеше себептерге* байланысты:

1. А1 деңгейіндегі лексикалық минимум жалпы тіл үйренушілерге арналған, ал ЖОО оқу құралдары студенттердің академиялық қажеттіліктеріне бейімделген. Сондықтан 6 оқу құралындағы сөздер арнайы терминдер (әр мамандыққа сай қарапайым терминдер) мен академиялық контекстке байланысты таңдалған.

2. Оқу құралдарының жылдары да әртүрлі, 2014-2021 жылдар аралығында шыққан әрі ЖОО-ға бағытталған оқу құралдары ғана алынды. Соңғы 5 жылда жарық көрген оқу құралдары қолымызға тимеді. Сондай-ақ қазақ тілін оқытудың қарапайым деңгейіне арналған оқу құралдарының аздығы және ол оқу құралдарының әр аудиторияға (мысалы, Х. Қарабаеваның оқу құралы қытайтілділерді оқытуға, ал Нұржанованың оқу құралы негізінен түріктілділерді оқытуға) арнаулы да себеп болды.

3. Оқу құралдарын таңдағанда осы саладағы белгілі мамандардың оқу құралдары алынғанымен, әр автордың сөз таңдауда, тақырып таңдауда айырмашылықтары да байқалды.

4. 2014-2021 жылдар аралығында оқу бағдарламалары өзгеріп отырды, соған байланысты негізгі тақырыптар да өзгерді. Сондай-ақ оқу орындары мен бағдарламалар әртүрлі сөздік қорды қолдануы мүмкін. Бұл оқу құралдары мен лексикалық минимум арасындағы айырмашылықтарға әсер етеді.

5. Оқу құралдарының көлемі де әртүрлі болды, соған қатысты сөздердің жиілігі де өзгеріп отырды. Десек те осы еңбектердегі ең жиі қолданылған 800 сөз іріктелініп алынды.

Қорыта келгенде, ғылыми мақалада тілді меңгерудің лексикалық минимумының теориясы мен тәжірибесін зерттеген шетелдік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық еңбектері қарастырылды. Сол еңбектердегі негізгі идеялар нысанға алынып, ЖОО-на арналған лексикалық минимумға қатысты мәселелерді: атап айтқанда, лексикалық минимумның нақты анықтамасы, лексикалық минимумға енетін сөздердің таңдалу белгісі, оларды

салыстыру, лексикалық минимумды құрастыру кезінде басшылыққа алынатын принцип/ұстанымдар (статистикалық ұстаным: оқу құралдарындағы сөздердің жиілігі, сөз таптарына қатыстылығы, тақырыптық ұстаным) таңдалды, әрбір ұстанымның мақсат-міндетіне, қажеттілігіне талдау жүргізілді және осының негізінде тілді меңгерудің бастапқы қарапайым деңгейінде лексикалық бірлікті іріктеуде ескерілуі қажет 7 шарт ұсынылды.

1. *Таңдалған сөздердің қолданылу жиілігі мен тіл үйренушілерге қажеттілігі.* Күнделікті тілде жиі қолданылатын, студенттерге берілген тақырыптар бойынша сөйлесуге мүмкіндік беретін негізгі сөздер тізімі түрлі жағдаяттарға байланысты іріктелуі керек.

2. *Тақырыптық байланыстығы.* Сөздер есте сақтау мен меңгеруге жеңіл болуы үшін тақырыптық топтарға біріктірілуі қажет. Ол сөздердің мағынасы мен қолданылуы контексте ашылуы керек.

3. *Грамматикамен байланыстығы.* Тіл үйренушілер қарапайым деңгейге арналған сөйлемдерді дұрыс құрастыра алуы үшін іріктелген сөздер қарапайым деңгейдің грамматикасымен байланысты болуы керек. Лексика мен грамматиканы байланыстыру күрделі болса да, мүмкіндігінше ескерілуі керек.

4. *Оқу мақсаты.* Лексикалық минимум тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға ықпал етуі керек және келесі деңгейлердегі тіл үйренуге негіз болуы керек.

5. *Дидактикалық қағидат.* Жаңа сөздер тіл үйренушілердің дайындық деңгейіне сай «жеңілден күрделіге қарай» ұстанымы бойынша біртіндеп енгізілуі керек. Сөздер есте жақсы сақталу үшін әртүрлі контексте бірнеше рет қайталануы керек.

6. *Тілдегі өзгерістер.* Тіл үнемі өзгеріп отырады, ғылым мен техниканың дамуымен жаңа сөздер мен сөз тіркестері пайда болады. Соған орай лексикалық минимум да уақыт өте келе жаңартылып отыруы керек.

Әдебиеттер

- Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 127 б.
- Андрюшина Н.П. Лексикография в аспекте описания уровней владения русским языком как иностранным // Проблемы истории, филологии, культуры. – 2014. – №3(45). – С. 294-296.
- Андрюшина Н.П., Козлова Т.В. Лексический минимум по русскому языку как иностранному. Элементарный уровень. Общее владение (электронное издание). – 5-е изд. – Санкт-Петербург: Златоуст, 2015. – 80 с.
- Байниязова Ж.Т. Қазақ лексикографиясы: біртүрлі оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2008. – 125 б.
- Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. – Алма-ата, 1978. – 83 с.
- Государственный стандарт по русскому языку как иностранному. Элементарный уровень. / Владимирова Т.Е. и др. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва, Санкт-Петербург: Златоуст, 2001. – 28 с.
- Денисов П.Н. Лексические минимумы русского языка. – Москва: МГУ, 1972. – 166 с.
- Жаксылыкова К. Научные основы отбора и комплексной организации языкового материала по казахскому языку: автореф. ... к.ф.н. – Алма-Ата, 1992. – 21 с.
- Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі [Текст] / Жалпы редак. басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М., 2016. – 1472 б.
- Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 209 б.
- Катаева И.В., Микова С.С. Лексический минимум на элементарном уровне изучения русского языка как иностранного // Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В.П. Астафьева. – 2023. – №63(1). – С. 70-89. <https://vestnik.kspu.ru/index.php/vestnik/article/view/479>
- Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... дис. – Алматы, 2005. – 275 б.
- Күзекова З.С., Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш., Мамаева М.Қ. Екінші басылым. – Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2017. – 40 б.
- Күзекова З.С., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (А1): Оқу құралы. – Астана, 2018. – 122 б.
- Қарабаева Х.Ә., Се Вэйнин. Қазақ тілі (қытайлық студенттерге арналған). – Алматы, 2021. – 127 б.
- Лексический минимум по русскому языку как иностранному. Первый сертификационный уровень. Общее владение / Н.П. Андрюшина и др. (электронное издание). – 7-е изд. – СПб.: Златоуст, 2015. – 200 с.
- Маркина Е.И. Лингводидактические основы разработки лексических минимумов по русскому языку как иностранному (для разных уровней и профилей обучения): дис. ... канд. пед. наук. – Москва, 2011. – 235 с.
- Малбақов М. Қазақ лексикографиясының тарихы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1992.
- Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
- Морковкин В.В., Дорогонова И.А. О новом типе лексического минимума современного русского языка //

Русский язык за рубежом. – 1976. – №2. – С. 56-61.

Морковкин В.В., Сафьян Ю.А., Степанова Е.М., Дорофеева И.В. Лексические минимумы современного русского языка. – Москва: Рус. яз., 1985. – 609 с.

Морковкин В.В. О лексикографическом обеспечении профессионально ориентированного обучения русскому языку нерусских студентов // Теория и практика научно-технической лексикографии. Сборник статей. – Москва: Русский язык, 1988. – 184 с.

Муравьев Н.А., Ольшевская М.Ю. Подходы к составлению лексических минимумов в России и за рубежом: проблемы и перспективы // Вестник НГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2019. – Т. 17. – №1. – С. 78-89.

Мұсаева Г. Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық деңгей: Оқу құралы. 1-кітап. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 242 б.

Нұржанова А.Б., Абнасырова Р.Ж., Нұрманова Г.Н., Дүйсебекова Ж.М. Шетелдіктерге арналған қазақ тілі (А1 қарапайым деңгей): оқулық. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2018. – 114 б.

Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған оқу құралы. – Алматы, 2021. – 142 б.

Трушина Л.Б. Русский язык как иностранный в специальных целях: прошлое, настоящее, будущее. Опыт исторического обзора. / Под ред. В.Г. Костомарова. – Москва, 2013. – С. 8-9.

Түсіпқалиева Р. Қазақ лексикографиясы: екітілді шағын сөздіктердің құрылымы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 120 б.

Фурумкина Р.М. Словарь-минимум и понимание текста // Русский язык за рубежом. – 1967. – №2. – С. 15-16.

Щукин А.Н. Методика преподавания русского языка как иностранного: учеб. пособие. – Москва: ФЛИНТА, 2018. – 508 с.

Эллис Р. Екінші тілді меңгеруді зерттеу (10-шы басылым). – Оксфорд: Оксфорд университетінің баспасы, 2003.

Ядав Р., Нестерова Н.Г., Верма К.С. Принципы определения лексического минимума для программы обучения русскому языку иностранцев как проблема учебной лексикографии, 2017.

Capel, A. A1 – B2 vocabulary: insights and issues arising from the English Profile Wordlists project // English Profile Journal, 2010. Vol. 1.

Milton, J. & Alexiou, T. Vocabulary size and the Common European Framework of Reference for Languages // In B. Richards, H.M. Daller, D.D. Malvern, P. Meara, J. Milton, & J. Treffers-Daller (Eds.). Vocabulary Studies in First and Second Language Acquisition. – Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2009. – P. 194-211.

Richards, et al. (Eds.). Vocabulary studies in first and second language acquisition. – Palgrave, 2009. – P. 194-211.

References

Abdrakhmanova, J.A. (2014) Qazaq tili: Oqu quraly. Almaty: Qazaq universiteti. 127 p. [Abdrakhmanova, J.A. (2014) Kazakh language: Educational tool. Almaty: Kazakh University. 127 p.] (in Kazakh)

Andrjushina, N.P. (2014) Leksikografija v aspekte opisanija urovnej vladenija russkim jazykom kak inostrannym. Problemy istorii, filologii, kul'tury. №3(45). S. 294-296. [Andryushina, N.P. (2014) Lexicography in the aspect of describing the levels of proficiency in Russian as a foreign language. Problems of history, philology, culture. No.3(45). P. 294-296.] (in Russian)

Andrjushina, N.P., Kozlova, T.V. (2015) Leksicheskij minimum po russkomu jazyku kak inostrannomu. Jelementarnij uroven'. Obshhee vladenie (jelektronnoe izdanie). 5-e izd. SPb.: Zlatoust. 80 s. [Andryushina, N.P., Kozlova, T.V. (2015) The lexical minimum in Russian as a foreign language. Elementary level. Common ownership (electronic edition). 5th research. St. Petersburg.: Zlatoust. 80 p.] (in Russian)

Bainiyazova, J.T. (2008) Qazaq leksikografijasy: birtildi oqu sozdigin tuzuding gylimi negizderi: filol. gyl. kand. ... dis. Astana, 125 b. [Bainiyazova, J.T. (2008) Kazakh lexicography: the scientific basis of creating a monolingual reading dictionary: philol. cand. dis. Astana. 125 p.] (in Kazakh)

Bektaev, K.B. (1978) Statistiko-informacionnaja tipologija tjurkskogo teksta. Alma-ata. 83 p. [Bektayev, K.B. (1978) Statistical and informational typology of Turkic text. Alma-ata. 83 p.] (in Kazakh)

Chapel, A. (2010) A1 – B2 vocabulary: insights and issues arising from the English Profile Wordlists project. English Profile Journal. Vol. 1. [Capel, A. (2010) A1 – B2 vocabulary: insights and issues arising from the English Profile Wordlists project. English Profile Journal. Vol. 1.] (in English)

Denisov, P.N. (1972) Leksicheskie minimumy russkogo jazyka. Moskva: MGU. 166 p. [Denisov, P.N. (1972) Lexical minimum of the Russian language. Moscow: Moscow State University. 166 p.] (in Russian)

Ellis, R. (2003) Ekinshi tildi menggerudi zertteu (10-shy basylım). Oksford: Oksford universitetining baspasy. [Ellis, R. (2003) The Study of Second Language Acquisition (10th ed.). Oxford: Oxford University Press.] (in English)

Furumkina, R.M. (1967) Slovar' – minimum i ponimanie teksta. Russkij jazyk za rubezhom. №2. S. 15-16. [Furumkina, R.M. (1967) Dictionary – minimum and understanding of the text. Russian language for the rubezhom. No.2. P. 15-16.] (in Russian)

Gosudarstvennyj standart po russkomu jazyku kak inostrannomu (2001). Jelementarnyj uroven'. Vladimirova, T.E. I dr. 2-e izd., ispr. i dop. Moskva, SPb.: Zlatoust. 28 s. [The state standard for Russian as a foreign language (2001). Elementary level. Vladimirova, T.E. et al. 2nd ed., rev. and add. Moscow, SPb.: Zlatoust. 28 p.] (in Russian)

Jadav, R., Nesterova, N.G., Verma, K.S. (2017) Principy opredelenija leksicheskogo minimuma dlja programmy obuchenija russkomu jazyku inostrancev kak problema uchebnoj leksikografii. [Yadav, R., Nesterova, N.G., Verma, K.S.

(2017) Principles for Defining the Lexical Minimum for the Russian Language Learning Program for Foreigners as a Problem of Educational Lexicography.] (in Russian)

Kataeva, I.V., Mikova, S.S. (2023) Leksicheskiy minimum na jelementarnom urovne izuchenija russkogo jazyka kak inostrannogo. Vestnik Krasnojarskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni V.P. Astaf'eva, 63(1), 70-89 s. [Katayeva, I.V., Mikova, S.S. (2023) The lexical minimum at the elementary level of studying the Russian language as a foreign language. Bulletin of the Krasnoyarsk State Pedagogical University. V.P. Astafyeva, 63(1). P. 70-89.] (in Russian) <https://vestnik.kspu.ru/index.php/vestnik/article/view/479>

Kuzekova, Z.S. (2005) Ekinshi til retindegi qazaq tili oqulygy teoryiasynyng lingvistikalyq negizderi: filol. gyl. d-ry dis. Almaty. 275 b. [Kuzekova, Z.S. (2005) Linguistic foundations of the theory of the Kazakh language textbook as a second language: philol. cand. dis. Almaty. 275 p.] (in Kazakh)

Kuzekova, Z.S., Ajapova, T.T., Orazbaeva, F.S., Mamaeva, M.Q. (2017) Ekinshi basylım. Astana: "Ulttyq testileu ortalıgy" RMQK. 40 b. [Kuzekova, Z.S., Ayapova, T.T., Orazbayeva, F.Sh., Mamayeva, M.K. (2017) Second edition. Astana: "National Testing Center". 40 p.] (in Kazakh)

Kuzekova, Z.S., Akbuzauova, B. (2018) Qazaq tili: bastapqy denggej (A1): Oqu quraly. Astana. 122 b. [Kuzekova, Z.S., Akbuzauova, B. (2018) Kazakh language: Elementary level (A1): Learning tool. Astana. 122 p.] (in Kazakh)

Leksicheskiy minimum po russkomu jazyku kak inostrannomu. Jelementarnyj uroven'. Obsee vladenie (2015). N.P. Andryushina i dr. (jelektronnoe izd.). 7-e izd. SPb.: Zlatoust. 200 s. [A lexical minimum in Russian as a foreign language. The first certification level. Common ownership (2015). N.P. Andryushina et al. (electronic edition). 7th ed. St. Petersburg: Zlatoust. 200 p.] (in Russian)

Malbaqov, M. (1992) Qazaq leksikografijasynyng tarihy: Filol. gyl. kand. diss. Almaty. [Malbakov, M. (1992) History of Kazakh lexicography: Philol. cand. diss. Almaty.] (in Kazakh)

Malbaqov, M. (2002) Bir tildi tusindirme sozdihting qurylymdyq negizderi. Almaty: Gylım. 368 b. [Malbakov, M. (2002) Structural foundations of a monolingual explanatory dictionary. Almaty: Gylım. 368 p.] (in Kazakh)

Markina, E.I. (2011) Lingvodidakticheskie osnovy razrabotki leksicheskikh minimumov po russkomu jazyku kak inostrannomu (dlja raznyh urovnej i profilej obuchenija): dis. ... kand. ped. nauk. Moskva. 235 s. [Markina, E.I. (2011) Lingvodidactic principles of development of lexical minimums for the Russian language as a foreign language (for different levels and profiles of education): dis. ... ped. science. Moscow. 235 p.] (in Russian)

Milton, J., Alexiou, T. (2009) Vocabulary size and the Common European Framework of Reference for Languages. In B. Richards, H.M. Daller, D.D. Malvern, P. Meara, J. Milton, & J. Treffers-Daller (Eds.). Vocabulary Studies in First and Second Language Acquisition. Basingstoke: Palgrave Macmillan. P. 194-211. (in English)

Morkovkin, V.V., Dorogonova, I.A. (1976) O novom tipe leksicheskogo minimuma sovremennogo russkogo jazyka. Russkij jazyk za rubezhom. №2. S. 56-61. [Morkovkin, V.V., Dorogonova, I.A. (1976) About the new type of lexical minimum of the modern Russian language. Russian language abroad. No.2. P. 56-61.] (in Russian)

Morkovkin, V.V., Safjan, Ju.A., Stepanova, E.M., Dorofeeva, I.V. (1985) Leksicheskie minimumy sovremennogo russkogo jazyka. Moskva: Russkij jazyk. 609 s. [Morkovkin, V.V., Safyan, Yu.A., Stepanova, E.M., Dorofeyeva, I.V. (1985) Lexical minimum of modern Russian language. Moscow: Russkij jazyk. 609 p.] (in Russian)

Morkovkin, V.V. (1988) O leksikograficheskom obespechenii profesional'no orientirovannogo obuchenija russkomu jazyku nerusskikh studentov. Teoriya i praktika nauchno-tehnicheskoy leksikografii. Sbornik statej. Moskva: Russkij jazyk. 184 p. [Morkovkin, V.V. (1988) About lexicographic provision of professionally oriented training of Russian language to non – Russian students. Theory and practice of scientific and technical lexicography. Collection of articles. Moscow: Russkij jazyk. 184 p.] (in Russian)

Murav'jov, N.A., Olshevskaja, M.Ju. (2019) Podhody k sostavleniju leksicheskikh minimumov v Rossii i za rubezhom: problemy i perspektivy. Vestnik NGU. Seriya: Lingvistika i mezhkul'turnaja kommunikacija. T. 17. №1. S. 78-89. [Muravyev, N.A., Olshevskaya, M.Yu. (2019) Approaches to the compilation of lexical minimums in Russia and abroad: problems and perspectives. Vestnik NGU. Series: Linguistics and Intercultural Communication. Vol. 17. No.1. P. 78-89.] (in Russian)

Musaeva, G. (2015) Qazaq tili – shet tili retinde. Bazalyq denggej: Oqu quraly. 1-kıtap. Astana: Sh.Shajahmetov atyndagy tilderdi damytudyng respublikalyq ujlestiru-adistemelik ortalıgy. 242 b. [Musayeva, G. (2015) Kazakh as a foreign language. Basic level: Tutorial. Book 1. Astana: Sh. Shayakhmetov Republican Coordination – Methodological Center for Language Development. 242 p.] (in Kazakh)

Nurzhanova, A.B., Abnasyrova, R.Zh., Nurmanova, G.N., Dujsebekova, J.M. (2018) Sheteldikterge arналan qazaq tili (A1 qarapaiym denggej): oqulyq. Almaty: Almaty-Bolashaq. 114 b. [Nurzhanova, A.B., Abnasyrova, R.Zh., Nurmanova, G.N., Dujsebekova, Zh.M. (2018) Kazakh language for foreigners (A1 simple level): textbook. Almaty: Almaty-Bolashak. 114 p.] (in Kazakh)

Qarabaeva, H.A., Se Veinin (2021) Qazaq tili (qytajlyq studentterge arналan). Almaty. 127 b. [Karabayeva, H.A., Se Weinin. (2021) Kazakh language (for Chinese students). Almaty. 127 p.] (in Kazakh)

Richards, et al. (Eds.) (2009) Vocabulary studies in first and second language acquisition. Palgrave. P. 194-211. (in English)

Salqynbai, A.B., Egizbaeva, N.Zh. (2021) Qazaq tili. Qarapaiym denggej. Qazaq tilin shet tili retinde oqytuga arналan oqu quraly. Almaty. 142 b. [Salkynbai, A.B., Egizbayeva, N.Zh. (2021) Kazakh language. Simple level. Educational tool for teaching Kazakh as a foreign language. Almaty. 142 p.] (in Kazakh)

Shjukin, A.N. (2018) Metodika prepodavanija russkogo jazyka kak inostrannogo: ucheb. posobie. Moskva: FLINTA, 508 p. [Shhukin, A.N. (2018) Methodology of teaching Russian language as a foreign language. Moscow: FLINTA. 508 p.] (in Russian)

Trushina, L.B. (2013) Russkij jazyk kak inostrannyj v special'nyh celjah: prosloe, nastojashhee, budushhee. Opyt

istoricheskogo obzora. Pod red. V.G. Kostomarov. Moskva. S. 8-9. [Trushina, L.B. (2013) Russian language as a foreign language for special purposes: past, present, future. Opyt historical review. Under the editorship. V.G. Kostomarov. Moscow. P. 8-9.] (in Russian)

Tusipqalieva, R. (2007) Qazaq leksikografijasy: ekitildi shagyn sozdikterding qurylymy: filol. gyl. kand. ... dis. Almaty 120 b. [Tusipkaliyeva, R. (2007) Kazakh lexicography: the structure of bilingual small dictionaries: Philol. cand. dis. Almaty. 120 p.] (in Kazakh)

Zhaksylikova, K. (1992) Nauchnye osnovy otbora i kompleksnoj organizacii jazykovogo materiala po kazahskomu jazyku: avtoref. ... filol. gyl. kand. Alma-Ata. 21 s. [Zhaksylikova, K. (1992) Scientific basis of selection and complex organization of language material in the Kazakh language: abstract ... Candidate of Philological Sciences. Alma-Ata. 21 p.] (in Kazakh)

Zhalpy bilim berudegi qazaq tilining zhiilik sozdigi. Zhalpy redak. basqargandar: Qazhybek, Ye.Z., Fazylzhanova, A.M. 1472 b. [Frequency Dictionary of the Kazakh language in general education. General redak. Headed by: Kazhybek, E.Z., Fazylzhanova, A.M. 1472 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, A.Q. (2004) Qoldanbaly lingvistika: qazaq tilining statistikasy: oqu quraly. Almaty: Qazaq universiteti. 209 b. [Zhubanov, A.K. (2004) Applied linguistics: statistics of the Kazakh language: a textbook. Almaty: Kazakh University. 209 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Иманқұлова С.М., Қаршығаева А.А., Егізбаева Н.Ж., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

